

Жүзеге асыратын міндеттерді орындауы үшін қажетті және жеткілікті дербес деректердің тізбесін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2013 жылғы 28 тамыздағы № 286 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2013 жылы 28 тамызда № 8668 тіркелді.

Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 21 маусымдағы № 94-V "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Заңының 25-бабы 2-тармағы 1) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Жүзеге асыратын міндеттерді орындауы үшін қажетті және жеткілікті дербес деректердің тізбесі бекітілсін.

2. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау құрылымдық бөлімшелердің, комитеттердің және ведомствоға бағынысты ұйымдардың басшыларына жүктелсін.

3. Осы бұйрық ресми жариялануға жатады және 2013 жылғы 25 қарашадан бастап қолданысқа енгізіледі.

Министр

Б. Имашев

Қазақстан Республикасы
Әділет министрінің
2013 жылғы 28 тамыздағы
№ 268 бұйрығымен бекітілген

Жүзеге асырылатын міндеттерді орындау үшін қажетті және жеткілікті дербес деректердің тізбесі

Ескерту. Тізбеге өзгеріс енгізілді – ҚР Әділет министрінің 31.07.2019 № 422 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Р/с №	Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі жүзеге асыратын міндеттерді орындау үшін қажетті және жеткілікті дербес деректердің атауы		
1.	Тегі		
2.	Аты		
3.	Әкесінің аты (бар болған жағдайда)		
4.	Тегін, атын, әкесінің атын ауыстырғаны туралы мәліметтер		
5.	Тегі мен атының транскрипциясы		
6.	Т у у т у ғ а н туған жері	т у р а л ы	м ә л і м е т т е р : к ү н і ;
7.	Нәсілдік және ұлттық тиістілігі		
8.	Діні		

9.	Жынысы
10.	Жанұялық жағдайы туралы мәлімет: тұрмыста бар-жоғы; неке кию туралы куәлік деректері; неке бұзу туралы куәлік деректері; жұбайының тегі, аты, әкесінің аты; жұбайының жеке басын куәландыратын құжаттың деректері; туыстық деңгейі; отбасының басқа мүшелерінің, қарауындағы адамдардың тегі, аты, әкесінің аты және туған күндері; балаларының (оның ішінде асырап алған, қарауындағы) бар-жоғы және олардың жасы
11.	Баланы асырап алу туралы куәлік деректері
12.	Әкелікті анықтау туралы куәлік деректері
13.	Азаматтығы туралы деректер: азаматтығы (бұрынғы азаматтығы); Қазақстан Республикасының азаматтығын алған күні; Қазақстан Республикасының азаматтығын алу негізі; Қазақстан Республикасының азаматтығынан айырылған күні; Қазақстан Республикасының азаматтығынан айырылу негізі; Қазақстан Республикасының азаматтығын қайта алған күні; Қазақстан Республикасының азаматтығын қайта алу негізі
14.	Еңбек кітапшасының нөмірі, сериясы және берілген күні туралы мәліметтер
15.	Ағымдағы уақыттағы еңбек қызметі туралы деректер: лауазымының, құрылымдық бөліністің, ұйымның, оның атауын толық көрсету; жалпы және үздіксіз еңбек өтілі; мекенжайлары және телефондары, сондай-ақ оларда бұрын атқарған лауазымының толық атауын және осы ұйымдарда жұмыс істеген уақытын көрсете отырып, басқа ұйымдардың деректемелері
16.	Білімі, біліктілігі және арнайы атақтарының немесе арнайы даярлығының бар-жоғы туралы мәлімет: оқу орнына түскен күні (оқу орнынан шыққан күні); дипломның, куәліктің, аттестаттың немесе білім беру мекемесін бітіргені туралы басқа да құжаттың сериясы, нөмірі, берілген күні; білім беру мекемесінің атауы және орналасқан жері; факультеті немесе бөлімшесі, білім беру мекемесін бітіргеннен кейінгі біліктілігі және мамандығы; ғылыми деңгейі; ғылыми атағы; шетел тілдерін білу
17.	Біліктілігін арттыру және қайта даярлау туралы мәліметтер: біліктілігін арттыру және қайта даярлау туралы құжаттың сериясы, нөмірі, берілген күні; білім беру мекемесінің атауы және орналасқан жері; білім беру мекемесін бітіргеннен кейінгі біліктілігі және мамандығы
18.	Тұратын жерінің мекенжайы, тұрғылықты жері немесе келген жері бойынша тіркелу күні
19.	Байланыс телефондарының нөмірлері
20.	Мінездеме
21.	Жеке сәйкестендіру нөмірі (ЖСН)

22	Бизнес сәйкестендіру нөмірі (БСН)
23	Портреттік суреті (цифрланған суреті)
24	Қолы
25	Жеке басын куәландыратын құжаттың деректері: құжаттың атауы; құжаттың нөмірі; құжаттың берілген күні; құжаттың жарамдылық мерзімі; құжатты берген орган
26	Жеке басты куәландыратын құжаттардың жарамсыздық, жоғалту, жою себептері туралы мәліметтер
27	Ауруының болуы (болмауы)
28	Уақытша еңбекке жарамсыздық туралы мәліметтер
29	Соттылығының болуы (болмауы)
30	Мүлікті сенімгерлікпен басқару беру жөнінде деректер
31	Әскери міндетті адамдарды және әскери қызметке шақыруға жататын адамдарды әскери есепке алу туралы мәліметтер: әскери билеттің сериясы, нөмірі, берілген (тапсырған) күні; әскери билетті берген органның атауы; әскери есепке алу мамандығы; әскери атағы; есепке алу/шығару туралы деректер; әскери қызметтен босату негізі
32	Мемлекеттік және ведомстволық наградалар, грамоталар, алғыс хаттар туралы мәліметтер; Награда атауы немесе аты; Марапаттау туралы нормативтік актінің күні мен түрі
33	Еңбекақысы туралы мәлімет: жалақысы; үстемақылары; салықтар бойынша деректер
34	Шетелдегі мекенжайы
35	Заңды тұлғаның атауы (соның ішінде өзгерту, қайта құру және таратуға дейінгі)
36	Заңды мекенжайы, заңды мекенжайы тіркелген (тіркеуден шығарылған) күні, қызмет түрі
37	Әлеуметтік жеңілдіктер және әлеуметтік мәртебесі туралы мәліметтер (жеңілдіктер мен мәртебені беруге негіз болып табылатын құжаттың сериясы, нөмірі, берілген күні, құжатты берген органның атауы)
38	Электрондық мекенжайы, интернет-ресурстарындағы сайты

39	Зейнетақы қорынан және жеке шотына түсімдерден мәліметтер
40	Мүлкі (мүліктік жағдайы) туралы мәліметтер: автокөлік; орналасу мекенжайлары; жылжымайтын мүлік объектілерін алу әдісі және негізі
41	Аттестаттау, қызметтік тексерістер материалдары
42	Жеке құрам бойынша өкімдердің түпнұсқаларында және көшірмелерінде және олардың материалдарында көрсетілген мәліметтер
43	Өкімшілік құқық бұзушылықтар туралы мәліметтер
44	Қайтыс болу күні және себебі жөнінде деректер
45	Жылжымайтын мүлік объектісі туралы мәлімет: Сәйкестендіру сипаттамалары (жылжымайтын мүліктің мекенжайын, мекенжайдың тіркеу кодын, түрін, кадастрлық нөмірін, меншік нысанын, құрамдастарының санын, жерлерінің, санаттарын, бөлінуін, нысаналы мақсатын, қабатын, ауданын (жалпы, тұрғын, пайдалы)); Техникалық сипаттамалары
46	Міндетті мемлекеттік тіркеуге жатпайтын жылжымалы мүлік кепілін тіркеу туралы мәліметтер: Міндетті мемлекеттік тіркеуге жатпайтын жылжымалы мүлік кепілі тіркеу жүргізуге негіз болған құжаттар; Міндетті мемлекеттік тіркеуге жатпайтын жылжымалы мүлік кепілі тіркеу жүргізуге негіз болған құжаттардың күні, айы, жылы мен нөмірі
47	Алып тасталды – ҚР Әділет министрінің 31.07.2019 № 422 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)
48	Міндетті мемлекеттік тіркеуге жатпайтын жылжымалы мүлік кепіл тіркеудің түрі болып табылатын жылжымалы мүліктің мәліметтері
49	Сенімхат
50	Төлемдік тапсырыстар
51	Мемлекеттік баж төлеу жөніндегі құжат (мемлекеттік баж төлеу жөніндегі құжаттың нөмірі мен күні)
52	Виза
53	Құрылтайшы – шетелдік заңды тұлғаның шет мемлекеттік заңнамасы бойынша заңды тұлға болып табылатынын куәландыратын сауда тізілімінің заңдастырылған үзінді көшірмесі немесе басқа да заңдастырылған құжат
54	Заңды тұлғаны құру туралы шешім
55	Заңды тұлға мүлкінің меншік иесі немесе заңды тұлғаны қайта ұйымдастыру туралы шешім қабылдаған орган бекіткен, қайта ұйымдастырылған заңды тұлғаның міндеттемелері бойынша құқықтық мирасқорлық туралы ережелері көрсетілген тапсыру актісі және заңды тұлға уәкілетті органының тапсыру актісін бекіту туралы шешімі
56	Заңды тұлға мүлкі меншік иесінің немесе меншік иесі уәкілеттік берген органның, құрылтайшылардың (қатысушылардың) шешімі, заңды тұлғаның мөрмен бекітілген, заңды тұлғаның құрылтай құжаттарында уәкілеттік берілген органның қайта ұйымдастыру туралы шешімі
57	Заңды тұлға мүлкінің меншік иесі немесе заңды тұлғаны қайта ұйымдастыру туралы шешім қабылдаған орган бекіткен, қайта ұйымдастырылған заңды тұлғаның міндеттемелері бойынша құқықтық мирасқорлық туралы ережелері көрсетіле отырып – бөліну балансы

58	Занды тұлғаның құрылтай құжаттарына, филиал (өкілдік) туралы ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізу көзделетін, мемлекеттік (есептік) қайта тіркеу туралы заңды тұлғаның уәкілетті органының заңды тұлға мөрімен бекемделген шешімі не шешімінен үзінді көшірмесі;
59	Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне және құрылтай құжаттарына сәйкес шаруашылық серіктестігінің шығатын қатысушысының серіктестік мүлкіндегі (жарғылық капиталындағы) үлесіне немесе оның бір бөлігіне құқығының иеліктен шығарылғанын (біреуге беру) растайтын құжат ұсынылады;
60	Кедендік баждар, салықтар және кедендік алымдар бойынша берешегінің жоқ екендігі туралы анықтама
61	Акция шығарылымдарының күшін жою туралы куәлік (акционерлік қоғамдар үшін)
62	Занды тұлғаның мөрін жою туралы құжат
63	Занды тұлға мүлкі меншік иесінің немесе меншік иесі уәкілеттік берген органның не құрылтай құжаттарымен уәкілеттік берілген заңды тұлға органының заңды тұлға мөрімен бекітілген шешімі
64	Жарғының (ереженің) телнұсқасын алу туралы заңды тұлғаның уәкілетті органының заңды тұлға мөрімен бекемделген шешімі не шешімінен үзінді
65	Занды тұлғаның (филиал мен өкілдіктің), заңды тұлғаның (филиал мен өкілдіктің) басшысының және құрылтайшылардың телефон нөмірлері
66	Шетелдік жеке және заңды тұлғаның салық тіркеу нөмірінің аналогы
67	Занды тұлғаның таратылуы, кредиторлардың талаптарды мәлімдеу тәртібі мен мерзімдері туралы ақпараттың Әділет министрлігінің ресми баспасөз басылымдарында жарияланғанын растайтын құжат
68	Занды тұлғаның қайта ұйымдастырылғаны туралы кредиторлардың жазбаша хабардар етілгенін растайтын құжат
69	Эксперттік мамандық, сот сараптаманың белгіленген түрін жасауға құқық беретін біліктілік куәлігінің берілген күні мен нөмірі